ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қарар бөлігі)

2023 жылғы 30 қазан №7119-23-00-2/11850 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М.Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» атынан - Бердалиева Бувайша Айтбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» атынан - Бердалиева Бувайша Айтбаевнаға қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» атынан - Бердалиева Бувайша Айтбаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» атынан - Бердалиева Бувайша Айтбаевнадан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Бердалиева Б» атынан - Бердалиева Бувайша Айтбаевнадан мемлекет пайдасына 5018 (бес мың он сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 50 (елу) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.М.Утегенова**

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 30.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2023, судья Утегенова А. М., 14.12.2023

7119-23-3-1/11564